

распространяемых на территории Республики Казахстан, и методики его расчета» // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1900018617>

12. <https://informburo.kz/novosti/mior-twitter-i-you-tube-ne-udalyayut-protivopravnyj-kontent-po-zaprosu-vedomstva>

13. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazahstan-poluchil-dostup-k-vnutrenney-sisteme-facebook-452720/

14. <https://vlast.kz/obsshestvo/35889-a-cto-tak-mozno-bylo.html>

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАНЫ ДАМУДЫҢ ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕРІ

*Шакирова А.Б., мемлекет және құқық теориясы мен тарихы
кафедрасының докторанты, Қарағанды қаласы, Қазақстан
Республикасы*

Зандардың тұрақтылығы мен даму серпінін, олардың жекелеген нормаларын талдау білім және ғылым саласындағы заңнаманы жетілдіру процесінде маңызды рөл атқарады. Қазіргі кезеңде осы саладағы заңнамаларды тұрақты реформалаудың нәтижесінде білім мен ғылым саласында көптеген өзгерістер орын алып, күн өткен сайын бұл сала қарқынды дамып келе жатқанын байқаймыз.

XXI ғасырда әйгілі философ Ф. Бэконның мәлімдемесі өзекті болып қала береді: «...қазіргі уақытта елдердің экономикалық әлауқаты олардың ғылым саласының жағдайына тікелей байланысты. Тек ғылыми зерттеулерге елеулі көңіл бөлетін, ғылымды қажетсінетін технологияларды табысты игеретін, ол үшін жеткілікті қуатты қаржы, ақпараттық, өндірістік, зияткерлік құралдарды жұмылдыратынелдер ғана қазіргі заманғы саяси-экономикалық жарыста көш бастап тұрады. Мұндай мемлекеттің қарқынына төтеп бере алмайтын (немесе оған мүлдем қатыспайтын) елдер тез арада әлеуметтік дамудың «күлдырауына» түсіп, халықаралық аренада мәңгі екінші деңгейлік рөлді ойнауға мәжбүр болады» [1; 56].

Ғылым мен білім қазіргі адамның көкжиегін кеңейтеді және оның жеке басын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қоғам мен мемлекетті модернизациялаудағы ғылым мен білімнің рөлі зор, сондықтан бұл мәселе қоғамда өздігінен орын алып оның өзектілігін дәлелдеуді қажет етпейтін, өзін-өзі айқындайтын қанықтылығымен ерекшеленеді. Білім және ғылым жүйесі-мемлекеттің маңызды

салаларының бірі, оған ел халқының төрттен бір бөлігі қатысады. ҚР БҒМ жанында жүздеген мемлекеттік мекемелер, кәсіпорындар жұмыс істейді, білім беру деңгейлерінің әрқайсысында білім беру ұйымдарының әртүрлі нысандары мен түрлері, сондай-ақ білім және ғылым саласына жетекшілік ететін ұйымдар жұмыс істейді.

Мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақстанда білім мен ғылым салаларындағы орын алған білім беру реформаларының себептері экономикалық және саяси қайта құрулардың алғышарттарынан айтарлықтай деңгейде ерекшеленеді. Экономикалық және саяси қайта құрулар экономиканың терең дағдарысымен, саяси қатынастардың тарихи баламасыздығымен, өндіріс құрылымы мен нәтижелеріндегі алдыңғы қатарлы елдерден, халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасынан, мемлекеттік басқарудың тиімділігінен едәуір артта қалумен байланысты болды. Егер экономикалық дамудың көптеген көрсеткіштері бойынша республиканы 1990-шы жылдардың басында дамушы елдер қатарына жатқызуға болатын болса, онда халықтың білім деңгейі мен біліктілігі, оқу процесінің тиімділігі, ғылыми әлеуеті бойынша ол көптеген өзгеде дамушы елдермен салыстырсақ, әлдеқайда жақсы қарқынмен дамып, алдыңғы қатарлардан танылды. Іс жүзінде халықтың жаппай сауаттылығы, орта білімнің жалпыға бірдейлігі және жоғары білімге қол жеткізудің қолжетімділігі, оқу-білім бағдарламаларының ғылыми сипаты және іргелі негізділігі, білім мен ғылымның кез-келген халықаралық өлшем бойынша қуатты кадрлық әлеуетті кеңестік кезеңнің бастап қалыптасқан тарихи жетістіктер деп қарастыруға болады. Білім мен ғылым кеңестік кезеңде ерекше қамқорлыққа алған салалардың бірі болды. Мұндай қамқорлықтың нақты уәждемесі туралы дауласуға болар - оның негізінде социалистік идеяның ізгілікті компоненттері жатыр ма немесе оны революциялық, мессиялық, сонан соң тоталитарлық режимнің державалық астамшылығы итермеледі ме, бірақ нәтиже айдан анық.

Білім мен ғылымда пайда болған аса өткір проблемалар негізінен іште емес, зияткерлік аядан сыртта болған факторлардан туындады. Бірнеше жыл бойына Қазақстанда мектеп жасына дейінгі тәрбие жүйесі толық дерлік қиратылды.

Бұдан кейінгі құрбандыққа кәсіптік-техникалық білім беру шалынды, ол экономикалық құлдыраудың соққысына ұшырады. Кәсіптік-техникалық мектептердің саны 1991 жылмен салыстырғанда

1997 жылы 40%-ға дерлік, ал олардағы оқушылар саны 40%-дан астамға қысқарды.

Жалпы білім беретін мектептерді жаппай жабу болған жоқ. Алайда жұмыссыздық пен кедейліктің, әсіресе ауылдық жерлерде өсуі салдарынан интернаттық мекемелердің саны үш еседен астамға қысқарды, мектеп жасындағы балалардың басым бөлігінің мектепке бармауы бұрын мемлекетке белгілі болмаған проблема туғызды.

Бюджеттен қаржыландыру мүмкіндігінің шектелуі мемлекеттік жоғары оқу орындарына қабылдау жоспарының қысқаруына тез әкелді. Ол 1991 жылғы 59 950 адамнан 1995 жылы 40 160 адамға дейін азайды, яғни 33%-ға дейін шегерілді. 1991 жылдан 1997 жылға дейін мемлекеттік жоғары оқу орындары студенттерінің саны 288 371 адамнан 246 390 адамға дейін құлдырады. Бұл орайда 1997 жылы студенттердің төрттен бірінен астамы шарт негізінде оқыды [2;30].

Бұл елеулі қысқартудың орны мемлекеттік жоғары оқу орындарына ақылы негізде оқытуға қабылдауда өсуімен және жеке меншіктегі оқу орындарының ашылуымен толтырылды.

Атап айтатын болсақ, мемлекеттің тәуелсіздікке қол жеткізіп, енді ғана аяққа тұрып кележатқан бұл кезеңдер де тек білім мен ғылым саласы ғана емес, қоғамның барлық салаларында даму дағдарыстарының болғанын айта кету керек.

Деген менде бүгінгі күнде мемлекетіміз білім мен ғылым саласына ерекше көңіл бөліп, оның қарқынды дамуы үшін қажетті жағдайлар жасау үстінде. Соған қарамастан ғылымның қазіргі деңгейі өркениетті елдермен салыстырғанда әлдеқайда төмен. Себеп – қаржыландыру жүйесі мен ғылымды басқару мәселелері. Маңыздысы – ғылымның елге, өнеркәсіптің дамуына қосатын үлесі, әкелер пайдасы. Бұл ретте біз әлемде 61-орындамыз. Бұл көрсеткіш дамыған елдер деңгейінен 24 есе төмен дегенді білдіреді. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім мен ғылым дамуының әлсіз тұстарының бірі – ғылым, білім және өндірістің нашар байланысы деп көрсетілген. Ғылым-білімнің дамуында ғалымдар саны мен сапасы да басымдыққа ие. Осы ретте статистикаға сүйенсек, елімізде 1 млн халыққа 662 ғалымнан келеді, бұл Ресейге қарағанда (2 852) 4,3 есе, Беларуське қарағанда (1 805) 2,7 есе және АҚШ-қа қарағанда (4 256) 6,4 есе аз.

Отандық ғылымның қарыштауына тағы бір кедергі – ҚР жоғары білім беру жүйесінде ғылыми қызметкерлерді еңбекке ынталандыру

деңгейінің төмендігі. Ғылымды ақшамен бағалауға болмайтындығы белгілі. Дегенменде, бүгінгі күндегі жас ғалымдарға қойылатын талап нормаларының орындалу барысында көптеген қаражаттардың керек екендігін жақсы білеміз. Осыған сәйкес, бүгінгі нарық заманында болашақтың іргетасын қалаушыларға алаңсыз ғылыммен айналысуға жағдай жасалуы тиіс ойлаймын.

Өркениеті озық елдерде ғалымдар ең жоғарғы зиялы топ өкілдері ретінде бағаланады. Соған сай олардың еңбектерін жеткілікті дәрежеде бағалап, өздеріне де құрмет көрсетіледі. Мемлекеттің ғылымға деген көзқарасы оның жалпы ішкі өнімінің ғылымды дамытуға бөлінетін қаражатының пайыздық деңгейімен өлшенеді. Ғылымға ең көп қаржы бөлетін Израиль – 4,6%, Швеция – 4%, Жапония – 3,4%, АҚШ – 2,7%, Германия – 2,5%. Ал, көрші Ресейде – 1,25% болса, Қазақстанда бар болғаны 0,12% деп көрсетеді статистикалық мәліметтер. Бүгінгі таңда ғылыми қызметкерлердің айлық жалақысы төмен. Тіпті, ашқан жаңалықтарын ғылыми айналымға енгізу де оңайға соқпайды. Халықаралық академиялық кеңестің мәліметі бойынша мемлекеттің ғылым саласына бөлетін қаражаты 1,5 пайыздан артық болған жағдайда ғана ғылым дамиды. Сандарды сөйлетіп, пайыздық мөлшерге салатын болсақ, отандық ғылым саласының «әттеген-ай» тұстары ап-анық шыға қалады. Бірақ, бұл тұралап қалу емес.

Сонымен қатар, еліміздегі осы салаларда жүргізіліп жатқан реформалардың негізінде қабылданатын заңнамалық актілер мен қатар, заңға тәуелді актілердің де дұрыс орындалуына баса назар аударылғаны жөн. Себебі, білім беру саласындағы қажеттіліктер мен қатар, білім беру саласының ерекшеліктерінен туындайтын заңдық актілер қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуші звеноға айнала отырып, заңдар жалпы құқықтық шеңберлерді белгілесе, ал оларды жүзеге асыру заңға тәуелді актілермен қамтамасыз етіледі.

Бүгінгі таңда білім және ғылым қоғам мен мемлекеттің негізгі қозғаушы күші екені халықаралық қауымдастықта толығымен мойындалып, өркениетті елдердің барлығы білім саласындағы саясатты заман талабына сай жетілдіруде. Соның ішінде, жоғары білім мен ғылым аса қызығушылық тудырып отырған және мемлекет пен қоғам үшін аса маңызды сала деп айтуға болады. Әр мемлекет экономикалық жағдайына қарай осы саланы мейлінше дамытуға тырысуда және Қазақстан да сол бағытта жұмыс жүргізуде. Жуырда Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды дамытудың 2020–

2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Аталмыш Бағдарламаның негізінде отандық жоғары оқу орындарын одан әрі дамытудың бірқатар индикаторлары бекітілді. Атап айтқанда, Бағдарламаның міндеттерінің бірі ретінде «Ғылыми әзірлемелердің нәтижелілігін арттыру және әлемдік ғылыми кеңістікке интеграциялануын қамтамасыз ету» [3] көзделген. Білім беру ұйымдары қызметінің тиімділігі мен ашықтығын арттыру үшін басқарудың алқалық органдарын: мемлекеттік жоғары оқу орындарында байқау кеңестері мен директорлар кеңестерін дамыту жалғастырылады. Білім беру ұйымдары «Ашық бюджет» жобасын жүргізеді, яғни олардың сайттарында тиісті ақпарат қолжетімді болады. Үш негізгі бағытта стратегиялық HR-менеджмент енгізу қолға алынады, яғни ғылыми потенциалды дамыту, кадрлық резервті күшейту және ұйым жетекшісін дайындау. Ғылыми ұйымдарды дамыту корпоративтік басқару, икемді қаржыландыру тәсілдерін енгізу және дербес басқару жүйесі арқылы жүзеге асырылады [3]. Көріп отырғанымыздай, еліміздің жоғары оқу орындарының басқару жүйесін әлемнің алдыңғы қатарлы университеттерінің озық тәжірибесін енгізу көзделіп отыр. Мұндай жаңа бастамалар, өз кезегінде ғалымдар мен мамандар тарапынан зерттеуді және сын көзқараспен талдауды қажет етеді және бұл өзгерістер мыңдаған ғалымдар мен қарапайым оқытушы-профессорлық құрамның өміріне маңызды ықпал ету болжамдары жасалуда. Мемлекеттік деңгейде қабылданып отырған жаңа саяси концепция ғалымдар арасында бұл тақырыптың өзектілігін арттырып отыр. Сондай-ақ, отандық әлеуметтік және заң ғылымдарында осы тақырыпта ғылыми зерттеу жұмыстар шектеулі көлемде жүргізілгенін де айта кеткен жөн.

Қазіргі жағдайда қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу барған сайын маңызды бола түсуде. Бұл аспект білім беру саласына көбірек тән, өйткені білім беру ортасында білім беру саласындағы қатынастарды реттеу үшін жеткілікті дәрежеде қолданылатын әртүрлі моральдық және корпоративтік нормалар өте маңызды. Бұл қатынастарды реттеу білім беру процесіне қатысатын әр адам үшін өте маңызды, өйткені білім беру саласы кез-кезген адамға қатысты. Бұл құқықтық негізі бар, бірақ әр нақты жағдайда және әр оқу орнында әр түрлі жүзеге асырылатын құқықтар мен міндеттердің жиынтығы. Бұл білім беру ортасын ұйымдастырудың маңызды мәселесі және осы қатынастарды біріздендіру мәселелері өте маңызды. Бұл ретте білім беру процесі субъектілерінің әлеуметтік

қажеттіліктері көбінесе құқықтық нормалармен емес, тұрмыстық ұсыныстармен қалыптасатынын атап өткен жөн. Бұл мұғалім сыныпта, сабақ барысында не істеуі керек немесе жасамауы керек деген мәселелерде, әсіресе соңғы уақытта өзекті болған нәрсе-қашықтықтан оқыту арқылы карантин кезеңінде оқу сабақтарын қалай жүргізу, кеңес беру және оқыушылармен қалай қарым-қатынас жасау керек деген мәселелерде айқын байқалды. Дәл осындай проблемалар мектепке дейінгі тәрбие саласындағы және белгілі бір дәрежеде жоғары білім саласындағы қатынастарды реттеу процесінде де туындайды.

Қорытындылай келе, Қазақстанда білім және ғылым саласындағы заңнаманы жетілдіру қажеттілігі әліде болса маңызды мәселелердің бірі. Сондықтанда осы саланы мемлекеттік реттеу және оны тиімді ресурстық қамтамасыз ету өз шешуін талап ететін сұрақтардың бірі деп санаймыз. Экономика мен қоғамның қажеттілігін, озық халықаралық тәжірибе және қалыптасқан қазақстандық тәжірибені теңгерімді есепке алуды ескере отырып, мемлекеттік-құқықтық реттеу және заңнаманы жетілдіру азаматтардың білім алуға құқығын, білім алу ортасындағы қажетті жағдайлардың жасалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беріп және еліміздің білім беру жүйесінде жинақталған мәселелерді кешенді түрде шешуге әсер ете алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Философский словарь. Бэкон Фрэнсис / Под ред. И.Т.Фролова. - 5-е изд. - М., 1986. - 590 с.
2. Спасская В.В. Правовое регулирование образовательных отношений: теоретико-правовое исследование. – Автореферат дисс. на соискание уч.степени д.ю.н. – Москва, 2007. – 30с.
3. «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>